

«Abyroi School Oral» ЖШС 2025-2026 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың қыркүйек, қазан айларындағы жұмысының есебі.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.12.2022ж № 506 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:

1. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу
2. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы
3. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс
4. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы
5. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс
6. Диагностикалау-талдау қызметі

Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес қыркүйек айында сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасақталды.

Мектептегі жалпы оқушы саны-849

Толық отбасында тәрбиеленіп отырған оқушы саны-843

Толық емес отбасында тәрбиеленіп отырған оқушы саны-6

Көпбалалы отбасындағы оқушы саны-42

Тек әкесімен тұратын оқушы саны-1

Тек анасымен тұратын (әкесі қайтыс болған) оқушы саны-5

Өгей әкесімен тұратын (анасының екінші некесі бойынша) оқушы саны-6

Өгей анасымен тұратын оқушы саны-0

АСП алатын отбасындағы оқушы саны-0

Әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушылардың әлеуметтік жағдайы сынып жетекшінің қатысуымен бірге зерделеніп, арнайы әлеуметтік көмекті қажет етпейтіндігі анықталды. Мектебіміздегі оқу құнын төлеу кезінде, ата-анамен құрылған келісімшарттың №2 қосымшасында көрсетілгендей: көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға 10% және бір отбасынан екі және одан да көп оқушы оқыған жағдайда бір балаға 10% (пайыз) жеңілдігі есептеліп берілді. Осы бойынша 42 оқушыға жеңілдік берілді.

Мектеп қабырғаларына сенім телефондары мен буллингті бірге тоқтатайық кюар коды ілініп, оқушыларға қолданылуы жайында психологпен біріккен түрде толық ақпарат берілді. Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес ұйымдастырылып жүргізілді.

Кәмелеттік жасқа толмағандар істері жөніндегі инспекторларымен арнайы кездесу ұйымдастырылып мектеп оқушыларына түсінік беру жұмыстары жүргізілді. Түнгі қала рейдтерінің жұмысы жүргізіліп отыратындығы назарға ұсынылды.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмыста оқу жылының басында өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысу жүзеге асты.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау жұмысы жүргізілді. Оның ішінде арендатор есебінен берілетін ыстық тамақ пен буфеттік тамақтану мәселелері талданып, оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілу жұмысы жүргізілді.

Әлеуметтік педагог: С.М. Умирзакова

